

Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 61 "Сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 11 шешімі. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімінің 2026 жылғы 16 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімінің 16.02.2026 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қарақия ауданы әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Сайлау учаскелерін құру туралы" Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 61 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2813 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшада:

№ 162 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 162 сайлау учаскесі

Орталығы: Құрық ауылы, Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қарақия аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, А блогы, телефон/факс: 8/72937/ 2-18-39.

Шекарасы: Құрық ауылының 3,10, 13 шағын аудандарының барлық үйлері, Сәтпаев көшесінің № 13-29, 29-2, 31, 31-2, 35, 37, 39, 41, 43 үйлері, М.Маметова көшесінің № 15-43а үйлері, С.Әлиев көшесінің № 16-44 үйлері, Ш.Уалиханов көшесінің № 15-28 үйлері, Жангельдин көшесінің № 11, 13, 15-28, үйлері."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия ауданының әкімі

С.Төретаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қарақия аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы

